

отличительными именно благодаря М.Н. Покровскому.

Список литературы

1. Нечкина М.В. Русская история в освещении экономического материализма (историографический очерк) / М.В. Нечкина // Россия и современный мир. – 2005. – № 2.
2. Рубинштейн Н.Л. М. Н. Покровский – историк России / Н.Л. Рубинштейн // Под знаменем марксизма. – 1924. – № 10-11.
3. Энциклопедический словарь братьев Гранат. – Т.41, ч.2. – М.: Минувшее, 2001. – С.118–119.
4. Панкратова А. Развитие исторических взглядов М. Н. Покровского / А. Панкратова // Против исторической концепции М. Н. Покровского: сборник статей. – ч.1. – М.-Л.: Издательство Академии наук СССР, 1939. – С.5-69.
5. Ярославский, Ем. Антимарксистские извращения и вульгаризаторство так называемой «школы» Покровского / Ем. Ярославский // Против антимарксистской концепции М. Н. Покровского: сборник статей. – ч. 2. – М.-Л.: Издательство Академии наук СССР, 1940. – С.5-24.
6. Соколов, О.Д. М. Н. Покровский и советская историческая наука / О. Д. Соколов. – М.: Мысль, 1970. – 276 с.
7. Несколько документов из царских архивов о М. Н. Покровском // Красный архив. – М.: Центральный архив РСФСР, 1932.– т. 3 (52). – С.11.
8. Покровский, М.Н. Октябрьская революция : сборник статей / М.Н. Покровский. – М.: Изд-во Ком. акад., 1929. – 418 с.
9. Покровский, М.Н. Очерк истории русской культуры / М.Н. Покровский. – ч.1 и 2. – 6-е изд. – Курск, 1924. – С.5.
10. Ленин В.И. Полное собрание сочинений / В.И. Ленин. – 5-е изд. – М.: Издательство политической литературы, 1967-1981 гг.

АБАЙ ШЫҒАРМАЛАРЫНЫҢ ТАРИХИ НЕГІЗІ

Ситникова Татьяна, «Тарих» мамандығы 4 курс студенті

Ғылыми жетекші: т.ғ.к., доцент **Наурызбаева Эльмира Кенжегалиевна**
Ө.Сұлтанғазин атындағы Қостанай мемлекеттік педагогикалық университеті

Халқымыздың ұлы ақынға құрметті біздің «Абай атамыз айтқандай» деп сөйлейтінімізден де көрініп тұр. Абай – ұлттың атасы, халықтың рухани әкесі. Егер әрбір қазақ баласы ауық-ауық болса да Абай томын қолға бір алып қойып, бір өлеңін болса да қайталап оқып отырса, өзіне өзі Абай алдында іштей есеп берсе, «Қалай өмір сүріп жатырмын осы? Абайдың айтқан ақылын алдым ба, жасаған сынынан қорытынды шығардым ба, шық деген биігіне ұмтылдым ба, адам атын ақтайтындай не істедім мен өзім?» дегендей ойға түсіп тұрса қазақтың бағы баяғыда жанып, ортақ үйіміздің түтіні де тұзу ұшар еді-ау деп те қиялдайсың [1, 23-24 б.] .

Бұл ойды Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Абай туралы сөз» атты баяндамасындағы мына пікірімен қуаттай түсуге болады: «Абай Құнанбайұлының әлемдік санадан өз орнын алатындай елеулі құбылыс болуы тек оның әдеби ізденістерімен шектелмейді. Әдебиет – Абайдың күллі дүниелік болмысқа, адами, ұлттық, кісілік, тарихи, заманалық болмыстарға бойлайтын кәусар дариясы, ежелгі дүниеден мәңгілікке дейін көл-көсір көсіліп жатқан рухани әлемге, рухани ғарышқа, универсиум деп аталатын ғалами дүниенің ғажайып қиырларына шегер бір жағынан азапты, бір жағынан ләззатты сапарының басты қақпасы, әрі тереңге бойлап, кемелге ұмтылар талпыныстарының алтын баспалдағы болды. Абайдың ойшылдық қарымы мен зерттеушілік тегеурінін де өз

заманының шым-шытырық қайшылықтарға толы шындығы белгілеп берді. Сол шытырманнан шығар жол іздеп жүріп, ол өз халқының ұлттық бітімін жан-жақты пайымдады. Оның басындағы тақсиреті егжей-тегжейлі талдады. Сөйтіп, кеселіне дауа, келешегіне бағыт қарастырды. Халқына қамқор, ұлтына жанашыр болам деп жүріп күллі адамзатқа мейірбан гуманистік өреге көтерілді. Кісі мен кісінің де, халық пен халықтың да арасында бола беретін кикілжіндердің бәрінен жоғары тұра білді. Адамға адам баласының бәрін дос санады» [2, 350 б.].

Кез келген халықтың тарих сахнасына шығуы –жүйеге бейімделген біртектес өмір салттың ғана нәтижесі емес, сонымен бірге қасиеттік деп саналатын – арман-аңсардың (идеал) да біртұтастығына айғақ. Олай болса Абай сынының тәлкегіне түскен еріншектік, дарақылық, жалқаулық, күншілдік, өтірікшілік, өсекшілдік, мақтаншақтық, жағымпаздық, жікшілдік сияқты қасиеттер қазақ баласының кейбірінің бойындағы туа біткен кемшілік емес, сол Абай өмір сүрген қоғамдағы саяси әлеуметтік қатынастардың нәтижесі екеніне ден қою қажет. Сонда, Абай бұрынғы бабаларымыздың бойынан көрген «кемшіліктерді» себеп ретінде емес, сол замандағы саяси-әлеуметтік қатынастардың салдары ретінде қарастыруға жол ашқан [3].

Абайдың орасан зор ақындық қуат-күші өз шығармаларында қазақ өмірінің ең маңызды әлеуметтік мәселелерін көтере білуінен, қоғамның алдыңғы қатарлы өкілдерінің ой-арманын, түбегейлі мүддесін терең ұғып, сезіне білетіндігінен айрықша айқын көрінеді. Ақын «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Сегіз аяқ», «Ғылым таппай баптанба», «Болыс болдым мінеки» секілді таңдаулы көркем туындыларының қайсысын алсақ та, оларға идеялық арқау болатын келелі мәселелер – білімге, адал еңбекке, әділеттілікке шақыру, надандықты, артта қалу кесепатын айыптау, алауыздық пен керіс-тартысты, өкімет билігін теріс пайдалануды әшкерлеу екені бірден байқалады. Және осы идеялар ақын шығармалары тақырыбының ең басты, күрделі мәселелеріне жалғасып, солармен тұтас, халықтың тағдыры, бүгінгісі мен келешегі, поэзияның өмірдегі алатын орны туралы ойлармен сабақтас өріледі. Өйткені Абай поэзиясының басты тақырыптары, идеялық нысанасы ұлы ақынның әлеуметтік прогресс үшін, халықты өнер-білімге жеткізу үшін күресу мақсатынан туады. Халықтың ауыр тағдырын, өмір тұрмысын ерекше шеберлікпен, нанымды көрсете отырып, Абай халықты қоғамдық асыл мұраттарға жетуге ынталандырады [4, 152 б.].

Абай шығармаларының тарихи негізі дегенде жоғарыда айтылғандай, оның өзі өмір сүрген заманның қоғамдық-әлеуметтік жағдайы оның шығармаларында көрініс тапқан. Жалпы алғанда Абай қазақ халқының тарихи санасын қалыптастыруда шығармалары аса көп зерттеу нысанына түсе қойған жоқ.

Абайшығармаларының тарихилығы мен деректілігі дегеніміз сол кездегі өмірдің шынайы бейнесін білдіретін ақынның өлеңдерін қарап шығу. Және Абайдың қазақ әдебиеті мен мәдениетіне қосқан үлесінің тарихын маңызыдылығын анықтап шығу өте маңызды болып табылады. Түптеп келгенде, Абай поэзиясы шын мәнінде қазақтың ұлттық тілі мен жаңа жазба әдебиетінің туғандығының айғағы болған еді [5, 220 б.].

Әрбір ұлы ақын – өз заманының перзенті, өз дәуірінің жыршысы, өз халқының өмірлік мүдделерінің жоқшысы. Абайдың өмір сүрген заманы орыс патшалығының қазақ даласын отарлау жөніндегі саясатының әбден асқынып, межелі жеріне жеткен кез болатын. Біржарым ғасыр бойы жүйелі түрде жүргізілген бұл саясат Абайдың ел өміріне араласа бастаған шағында қазақ қауымының барлық билігін тікелей патша әкімшілігінің өз қолына алуымен тынған-ды. Қазақ елін басқарудың әуелі хандық, одан кейін аға сұлтандық тәртібі жойылып, ел билігінің жергілікті жерден мезіреті ретінде сайланып қойылатын болыс, би, ауылнайлар арқылы патша әкімшілігінің кеңсесіне көшірілуі ел ішіне неше қилы бүліншілікті ала келді. Әр түрлі айла-шарғымен билік басына жеткен атқамінерлер халық арасына іріткі салып, алалық туғызды, зорлық-зомбылықты күшейтті. Осыдан келіп, парақорлық, арызқойлық сияқты бұрын болмаған келеңсіз жайттар орын алды. Ел іші жікке бөлініп, партияшылдыққа бой ұрды. Бұрын маң далада бұйығы өмір сүрген сосын

ауылдарды ұрлық-қарлық, алдау-арбау, барымта-сарымта сияқты қуғын-сүргін әрекеттер жайлады [6, 35 б.]

Отаршыл әкімшіліктің «бөліп ал да билей бер» дейтін аты шулы зымияндық саясатының салдарынан тарихи тығырыққа тірелген халқының мүшкіл халын көзбен көріп, саңылаусыз болашағын санамен ұғып, іштей қан жылаған ақын өз шығармаларында заманының қатал шындығын ашына суреттейді. «Қалың елім, қазағым, қайран жұртым», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұйқы сергек», «Қартайдық, қайғы ойладық, ұлғайды арман», «Қыран бүркіт не алмайды салса баптап», «Байлар жүр баққан малын қорғалатып» сияқты өлеңдерде ақын отаршылдық ойранның ел ішін аздырып, тоздырып бара жатқанын ауыр қасірет сезімімен бейнелейді. «Болыс болдым мінеки», «Мәз болады болысың», «Уағалайкүмүссәләм» деп басталатын т.б. шығармаларында Абай баққұмар бақай қулықпен биліктің бір шетіне қол жеткізгеннен кейін, қарауындағы халықты әділдікпен басқырып, елді жесіті тіршілік өресіне қарай ілгері бастаудың орнына, өзінің мансапқорлық мүддесінен аса алмай, өзінен жоғары әкімдер мен ел жуандарының алдында құрдай жорғалап, оның есесіне қарапайым халыққа тізесін батыра түскен болыс, билерді т. б. атқамінерлерді ащы әжуамен шенейді. Абайды әсіресе қынжылтып, қатты аландатқан нәрсе әкімдердің жаңағыдай айдап салғанына елігіп, елдіктен кете бастаған, үнемі пәле қуып, жамандық іздеген, ата дәстүрінен ауытқып, адамгершілік ар-ұяттан безген ауыл адамдарының бойындағы келеңсіздік мінез-құлқы еді. «Көңілім қайтты достан да, дұшпаннан да», «Адасқанның алды – жөн, арты – соқпақ», «Сабырсыз, арыс, еріншек», «Бөтен елде бар болса» атты туындыларда ақын ел арасын жайлап кеткен мансапқорлық, сатқындық, басараздық, опасыздық, дүниеқоңыздық, жалқаулық, тіленшектік сияқты теріс мінездердің жеке адам басындағы дерттен қоғамдық қырсыққа айналып бара жатқанына қайғырып, ел-жұртты солардан сақтандырады. «Бір дәурен кемді күнге бозбалалық», «Жігіттер, ойын арзан, күлкі қымбат» сияқты өлеңдерде Абай ауыл жастарын үнемі қызық қуалаған мағынасыз думаншылдықтан, мәнсіз даурықпадан арылып, тіршілік қамымен шұғылдануға, өзара бірлік пен татулыққа шақырады [7, 54 б.].

Сөйтіп, ақын гуманистік көзқарасы өзінің алғашқы қалыптасу кезеңінде халқын сүйген, оның болашағын ойлап қам жеген, оның ілгері басуына кедергі келтіретін кесір-кесапаттарға қарсы күрескен қайраткер азаматтың әрекеттері түрінде көрінді. Бұл тұста Абай өз халқының жанашыр жоқшысы, оның басындағы ауыр халін көріп мүсіркеген жанкүйер жақыны.

Абай шығармаларындағы тарихи тұлғалар дегенде, ең алдымен ойымызға Ескендір тұлғасы келеді. «Ескендір» туралы айтсақ, оның өзгешелігі, өзіндік сипаты неде десек, алдымен көңіл қоярлық нәрсе – айтушының, автордың бейнесі баяндалған оқиғадан, сюжеттен бөлектеніп, басқа тұрғыдан көрінетіні дер едік. Бұл поэмада сол кездегі заман шындығы тікелей көрінбей, ескі аңыз әңгіме арқылы көрініс берсе де, сол аңыз оқиғаға айтушының, автордың беретін бағасы, оның адамгершілік, ағартушылық идеялары арқылы танылады. Сондықтан Абайдың лирикалық өлеңдерінде насихатталған озат ой-пікірлерімен поэмаларының идеясы үндес шығып жататыны да кездейсоқ нәрсе емес.

Қарасөздер тақырып жағынан алғанда ақынның өлеңдерімен астасып жатады. Алайда әңгіме-сұхбат жанрының өзіндік ерекшелігін толық пайдаланып, Абай адал еңбек ету, егін салу, саудамен айналысу, өнер үйрену, білім-ғылымды игеру, қоғамдағы әр түрлі топтардың қылып жүрген харекеті, мінез-құлқы, адамгершілік, имандылық секілді бірталай мәселелерді қарасөздерінде кеңінен толғайды, үлкен көрегендікпен көптеген құнды пікірлер айтады. Мысалы, үшінші сөзінде егін салу, сауда істеу, өнер, ғылым іздеу, қажеттігін елдің өмір-тұрмыс жағдайына, негізгі харакетіне, күнделікті атқаратын істеріне байланыстыра айтады, халықтың өмірін, әртүрлі топтың өкілдерінің мінез-құлқын, ой-ниетін нақтылы, жан-жақты талдай отырып айтады. Болыс сайлау мәселесін сөз қылғанда да сол кездегі нақтылы қоғамдық жағдайды, елдің әдет-ғұрпын, ұғым-түсінігін толық ескеріп отырады. Ел билейтін адам заман ағымын, елдің мұң-мұқтажын жақсы біліп, сонымен қатар «Есімханның ескі жолы», Тәукенің «Жеті жарғысы» секілді бұрыннан келе жатқан ел басқару тәсілдерін жаңа

заманның ыңғайына қарай орнымен пайдалана білмек керек дейді [8, 124 б.].

Тарихи принцип тәрбиелік тағылым Абай творчествосының сол дәуірдегі қоғамдық өмірден тамырластығын танып-білудің бірден-бір қажетті шарты екенін мойындай отырып, ақын шығармаларын бүгінгі оқырмандар әсересе, жасөспірімдер қалайда өздерінің өмірге көзқарасы, арман-мұраттарын жалғастыра, жанастыра қабылдайтынын жоққа шығара алмаймыз. Абай творчествосының өз заманымен, сол кездегі қоғамдық өмірімен байланысын, сол кезде қандай зор танымдық, тәрбиелік міндет атқарғанын, сөз өнерінде не жаңалық әкелгенін толық түсінсек, сонда ғана біз оның кейінігі кезеңдерде, қазіргі заманда қоғамдық ой-сананың, мәдениеттің, оқудың өркендеуіне қандай ықпал жасап келе жатқанын толық аңғара аламыз. Сондай-ақ, ақын мұрасының өміршендігін, заман озған сайын маңызы, өсері қаншалықты күшейе түскенін зер салып байыптасақ, оның өз заманының озық тілек-мақсаттарына сәйкес тарихи өмірдің өзі туғызған бастапқы сипат-қасиеттерін айқынырақ тани аламыз. Оның неғбасты бірқырыоқу-тәрбиелік маңызында [9, 68 б.].

Қорыта келгенде айтарымыз: біз зерттеу нысанасы еткен Абайдың шығармашылығы еркін ақыл – ой мен қажырлы еңбекті тоғыстырған көркемдік кестесі келісті, өзгеше әлем. Өйткені, қалам тартқан қай тақырыбын да сана сүзгісінен өткізіп, өрелі ой айтудың құралына айналдыратын ақынның арман аңсары да асқаралы деудің өзі асыра сілтеу емес. Әрине, біз ақынның суреткерлік қыры жөнінде бірде жалпы шолу, бірде нақтылы талдаулар арқылы зерттеу мақсатына сәйкес ой-тұжырымдар түйіндедік. Ал, әрбір мәселені тереңдей қарастырып, әр түрлі ғалымдар пікірлерін салыстыра қарастырғанда, айтылар ойларға негіз боларлық жайлар да жеткілікті деуімізге әбден болады. Ол алдағы күндері болатын іргелі зерттеулердің еншісі деп тұжырымдаймыз.

Аяқтай келе, «Абай творчествосын өз дәуірінің шеңберінде ғана қалатын, осы мағынада біз үшін тек тарихи маңызы бар, өткінші құбылыс деп санауға болмайды, ол – заман ауысып, уақыт озған сайын қоғамдық ой-санаға ықпал-әсері арта түсіп, өркендеп, дамып отыратын асыл мұра» – деген Зәки Ахметовтың сөзін құптайтынымызды білдіргіміз келеді.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Абдрахманов С. Пушкинтану парақтары. – Астана: Елорда, 2006. – 208 б.
2. Назарбаев Н.Ә. Тәуелсіздігіміздің бес жылы. – Алматы, 1996. – 640 б.
3. Қазақша Уикипедияның мағлұматы. Абай Құнанбайұлы.
4. Нұрғали Р. Әдебиет теориясы.-Астана, 2003.-344б
5. Ахметов З. Поэзия шыңы – даналық. – Астана, 2002. – 408 б.
6. Дала даналары. /Құраст.: Әбен Е., Дүйсенбайұлы Е., Тасмағамбетова И. – Алматы, 2001. – 640 б.
7. Абай. Шығармаларының екі томдық толық жинағы. Т. 1. – Алматы, 2002. – 296 б.
8. Әуезов М. Жиырма томдық шығармалар жинағы. Т. 20. – Алматы, 1985. – 496 б.
9. Бітібаева Қ. Әдебиетті оқыту әдістемесі. – Алматы, 1997. – 288 б.

ВКЛАД ПАНКРАТОВОЙ А.М. В ИСТОРИЧЕСКУЮ НАУКУ КАЗАХСТАНА.

Султанхамитова Жазира, студентка 4 курса специальности «История»

Научный руководитель: **Тасқужина А. Б.**, к.и.н., ассоциированный профессор.
Костанайский государственный педагогический университет им. У. Султангазина,
г. Костанай.

Актуальность данной темы обозначена преемственностью поколений ученых-историков, казахстанских в том числе. В 30-е гг. XX столетия казахстанская историческая наука столкнулась с нехваткой высококвалифицированных кадров. Виной этому послужили репрессии в отношении таких советских историков, как П.Г. Галузо, С. Асфендияров, Т.